

ОРИГИНАЛЬНЫЕ СТАТЬИ

УДК 576.890:616.9.036

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНДЕГІ БАЛЫҚТАРДЫҢ ПАРАЗИТОФАУНАСЫ

*Е.М. Раманқұлов, Қ.Қ. Мұқанов, Қ.Н. Мұқантаев, Қ.Қ. Балтин, А.Ж. Темірханов,
Т.Қ. Қисықов, С.С. Тоқпан, М.Ж. Рахимов*

mukanov@biocenter.kz

РМК «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы»

Каспий теңізінде ауланған балықтардың 15 түрін ихтиопатологиялық зерттеу нәтижелері бойынша *Anisakidae* тұқымдасына жататын *Anisakis*, *Contracaecum*, *Porrocecum* тоғышарларының жаппай таралуы анықталды.

Кіріспе

Каспий теңізі жер шарындағы үлкен тұйық су қоймаларының бірі болып есептеледі, оның аумағы 341 мың шаршы км, суының көлемі 78 мың куб.км, ең терең жері 1025 метрге дейін жетеді. Шекаралас жатқан 5 мемлекеттің: Қазақстан, Ресей, Түркменстан, Иран және Азербайжан теңіз жағалауларын жалғастырып жатыр.

Каспийге 130 өзен құяды, олардың ішіндегі ең үлкені Еділ өзені, өйткені құйылатын судың 75% құрайды. Ол өсімдіктерге және жан-жануарларға өте бай. Теңіз жағалауында өсімдіктердің 728 түрі бар. Жануарлар әлемі 1809 түрінен құралған, оның ішінде 415-і омыртқалыларға жатады. Теңізде балықтардың 124 түрі, сүт қоректілердің 1 түрі, зоопланктонның 100-ден аса түрлері және су құстарының 278 түрі тіркелген. Осы жерде дүниежүзіндегі бекіре балықтарының 80% шоғырланған, және тұщы су балықтары: қаракөз, сазан, көксерке, табан, балпан, тұқы, мөңке және тағы басқа да көптеген балықтың түрлері кездеседі. Сондықтан да Каспий теңізі жер бетіндегі балық өндірілетін ірі су қоймасы болып саналады. Бірақ кейінгі жылдарда әр түрлі антропогенді әсерлерден, атап айтқанда өңірдегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы және инфекциялық, инвазиялық аурулардың болуы теңіз жәндіктерінің, балықтардың және итбалықтардың санының азаюына себеп болды. Бекіренің әлемдік қоры 90 %-дан 80%-ға азайды. 2000 жылы өткен ғасырдың 70-80 жылдарымен салыстырғанда бекіре

тектес балықтар түрінің аулану мөлшері күрт азайып 8 есеге дейін кеміген. Ұсталған балықтардың ішінде Каспий албырт балықтары, жылан балықтар және ақбалықтар мүлде кездеспейді. Жалпы балық ұстау мөлшері 2,5 есе қысқарды. Әр түрлі деректер бойынша 1987 жылдан бері Каспийде 17 рет балықтар және итбалықтар жаппай қырылып, одан мыңдаған итбалық және ондаған мың балықтардың бағалы түрлері шығын болғаны мәлім.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық биотехнология орталығы» РМК «2008-2010 жылдары Каспий акваториясы биоценозын экологиялық-эпидемиологиялық кешенді зерттеу және оны сауықтыру бойынша шаралар әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру жұмыстарын жүргізуде.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі негізгі тапсырмаларды іс-жүзіне асыру қарастырылып отыр: Каспий теңізінің қазақстандық секторының биологиялық қорларын сақтау бойынша стратегияларды дайындау және мониторингтік зерттеулерді ұйымдастыру; Каспий теңізінің қазақстандық секторын мұнаймен, пестицидтермен және басқа ластаушылармен ластануға кешенді экологиялық мониторинг; Каспий теңізінің қазақстандық секторын әр түрлі себепті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын айқындауға эпидемиологиялық мониторинг және жануарлардың, құстардың және балықтардың популяцияларында айналып жүретін бөлініп алынған патоген-

